



Қайрат БИМЕНОВ,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
философия пәнінің аға оқытушысы:

## Біздің қоғам әлі оған дайын емес

Қазіргі таңда бұл заңды қолдау әлі ертерек. Өйткені оған еліміз дайын емес. Ол үшін әуелі халықтың құқықтық, саяси сауаттылығын арттыру қажет. Мәйіттік трансплантация бойынша жаппай рұқсат беруге болмайды. Себебі мұның артында үлкен қауіп бар. Сот билігі, прокуратура жұмысын бестік шкаламен бағаласақ екі қояр едім. Өкінішке қарай, Қазақстанда әділдік деген нәрсе атымен жоқ. Ал енді сондай мемлекетте адам органдарын келісім презумпциясымен рұқсатсыз ала беру өте қауіпті. Ол байдың, қалталы азаматтың бүйрегі ауырса, қарапайым сау адамның органы соған кетіп тұр деген сөз. Сондықтан қазіргі таңда мұндай заңды қабылдау біздің қоғам үшін әлі ертелеу. Себебі елімізде жоғарыда айтқанымдай құқықтық мәдениет өте төмен. Мен өзім өлген соң ағзамды ала берсін деген келісімді ешқашан бермеймін. Өйткені біз әлі Финляндия, Норвегия сынды Скандинавия елдерінің сауатты, әділетті қоғамына жеткен жоқпыз. Саяси сауаттылықта Қазақстанда төмен дәрежеде. Президент бастамасымен Жаңа Қазақстан идеясы қолға алынып жатыр ғой. Сол толық жүзеге асса, бәлкім 40-50 жылдан кейін мәйіттік трансплантация мәселесіне оралуға болатын шығар. Мүмкін сол кезде келісім берермін. Сонымен жүйесіздік бар қазіргі қоғамда бұл бастаманы қолдау сапсау жүрген қарапайым адамдарға өте үлкен қауіп төндіреді. Ал Скандинавия елдерінің қоғамында халық мемлекет мүддесін өз мүддесінен жоғары қояды. Сондықтан оларда әділдік бар. Оларда эгоист дегендер, тек қарақан басын ойлайтындар жоқ. Тіпті қоғам үшін жанын қиюға даяр. Біз де қоғамды сондай дәрежеге жеткізуіміз керек. Сол кезде ғана осындай тақырыпта әңгіме қозғауымызға болады. Мәселен, жуырда журналист Дана Нұржігіт жазды ғой. Кезінде елімізден сыртқа шығарылған 30 баланың тағдыры бүгінде беймәлім. Отызы да үштікүйлі жоқ. Солар қайда кетті? Әрине, менің жеке пікірім, осындай заңсыз трансплантологияның құрбаны болып кетуі де көдік.